



«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне енгізілген ӨЗГЕРІСТЕР

1. Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы «05» желтоқсандағы №2018/12-102 хаттама) «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне (бұдан әрі – **Ережелер**) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- Ережелердің «Тараптардың құқықтары мен міндеттері» атты 7-бөлімінің 7.4.-тармағының 8) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:

«8) Мынадай:

- есептік нөмір алу талап етілетін валюталық шартты орындауға байланысты (резиденттер үшін);
- кәсіпкерлік қызметті жүргізумен байланысты;
- террористік және экстремистік және өзге терроризмге не болмаса экстремизмге дем беретін қызметті қаржыландырумен байланысты;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) байланысты немесе жүргізілуі заңнаманың өзге талаптарын бұзуға әкеп соқтыратын Операцияларды/Төлемдерді жүргізбеуге **міндеттенеді.**»;

Ережелердің «Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұру, тоқтату. Клиентке хабарлау тәртібі мен нысандары» атты 10-бөлімі мынадай редакциядағы 10.8.-тармақпен толықтырылсын:

«10.8. Валюталық шартты ұсыну талап етілетін валюталық операция бойынша төлем және (немесе) ақша аударымын жүргізген кезде және Клиентте (ақша жөнелтушісінде немесе ақша бенефициарында) оны ұсыну мүмкіндігі болмаған кезде Банк осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын Клиент жасаған немесе растаған мынадай:

- 1) уәкілетті банкке осындай төлемі және (немесе) ақша аударымы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына және (немесе) Ұлттық Банкке ұсынуын рұқсат ететін;
- 2) осы төлемінің және (немесе) ақша аударымының есептік нөмір (резиденттер үшін) алу талап ететін валюталық шартты орындауға байланысты емес екенін растайтын;
- 3) осы төлемінің және (немесе) ақша аударымының террористік және экстремистік қызметті қаржыландырумен және терроризмге не экстремизмге өзге де қолдау көрсетумен байланысты емес екенін растайтын жазбалары туралы мәліметтер болған кезде жүргізеді.».
